

Байғанин ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 – бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы №2126 «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңының 10 – бабына сәйкес, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Байғанин ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу Қағидалары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
2015 жылғы «__» желтоқсандағы
№__ шешіміне 1-қосымша

Байғанин ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары

№	Ауыл атаулары	Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары
1	Қарауылкелді ауылы	Қарауылкелді ауылы Барақ батыр көшесі бойындағы «Байғанин аудандық мәдениет үйі» Қазыналық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының алдындағы алаң
2	Жарлы ауылы	Жарлы ауылы Ардагерлер көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
3	Ноғайты ауылы	Ноғайты ауылы Орталық көшесі бойындағы ауылдық ғимаратының алдындағы алаң
4	Ебейті ауылы	Ебейті ауылы Жеңіс көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
5	Алтай батыр ауылы	Алтай батыр ауылының Бұлақ көшесі бойындағы «Асылтас» дүкенінің ғимараты алдындағы алаң
6	Жарқамыс ауылы	Жарқамыс ауылының Орталық көшесі бойындағы жаңа үлгідегі модельді Жарқамыс ауылдық кітапханасы ғимаратының алдындағы алаң
7	Оймауыт ауылы	Оймауыт ауылы Мәдениет көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
8	Кемерши ауылы	Кемерши ауылы Орталық көшесі бойындағы «Көркем» сауда дүкенінің ғимараты алдындағы алаң
9	Миялы ауылы	Миялы ауылы Жем өзені көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң

Байғанин ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу Қағидалары

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы» Заңына сәйкес Байғанин ауданының аумағында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін белгілейді.

2. Байғанин ауданының аумағында жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы «Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне өтініш беріледі.

3. Байғанин ауданының аумағында жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның «Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде тіркелген күнінен бастап есептеледі. Шараларды өткізуге өтініш беру барысында жіберілген бұзушылықтарды өтініш иелерінің түзетуіне өтінішті қабылдап алу барысында мүмкіндік беріледі. Егер бұзушылықтар түзетілмеген жағдайда себебі түсіндіріле отырып өтініш қабылданбайды.

4. «Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өтінішті қабылдайды, тіркейді, қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын өтініш иесіне қабылданған шешім туралы хабарлайды.

«Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, өзге де инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен жерін ұсынады.

«Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі азаматтардың бейбіт жиналыстарға еркіндік құқығын қамтамасыз ету мен іске асыру бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іс-қимыл жасайды.

5. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті. Уәкілдер (ұйымдастырушылар) шараларға мас күйіндегі адамдардың қатысуына, қылмыстық әрекеттердің, қоғамдық тәртіпті бұзуға шақырулардың болуына жол бермеуге міндетті.

6. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, «Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бұларды өткізуге тыйым салады.

7. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер

және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы» Заңның 4, 5 және 7-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтарында өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар «Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

«Байғанин ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша аудандық ішкі істер бөлімі жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

«Байғанин аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі заң бұзушылықтар орын алған жағдайда қолданыстағы заңнама шеңберінде шаралар қолданады.

8. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

